

БЕКІТЕМІН
«Ерейментау ауданының
ішкі саясат бөлімі» ММ
басшысы
Ахмедьярова К.Д.



КЕЛІСІЛДІ
«Ерейментау ауданының мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі» ММ
басшысы
Жылқыбаев С.Қ.



«Ерейментау Аруы - 2017»
аудандық байқауды өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

Байқаудың ережесі ҚР мемлекеттік жастар саясатын қолдау шеңберінде жасалды. Байқауды ұйымдастырушы Ерейментау ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ.

Байқаудың мақсаты мен міндеті

*Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік тағы да басқа негізінде тәрбиелеу.

* Әр қыз баланы парасатты, жан – жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу. Табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу.

Байқаудың қатысушылары

Сыртқы келбеті сұлу да сымбатты 15 жастан 20 аралығындағы қыздар.

Байқауды өткізу тәртібі

Қатысу үшін өтінімдерді қабылдау **2017 жылдың 20 сәуіріне дейін** Ерейментау қаласы, Үмбетей жырау көшесі, 4 мекенжайы бойынша орналасқан Жастар ресурстық орталығы, тел. 8 (71633) 2-17-02, e-mail: erm_rcm@mail.ru

Байқау **2017 жылдың 25 сәуір сағат 15.00-де** Үмбетей жырау атындағы АМУ өтеді.

Байқаудың шарттары төмендегідей:

1. «Мен қазақтың қызымын» таныстыру
(қатысушылар өздерін осы сөзбен, өлеңмен, әнмен таныстырады)
2. «Қыз еркем – кестесімен көркем»
(Әр қыз өзінің қолынан келетін бір ісмерлік өнерін көрсетеді)
3. «Қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді»
(Қыз бала тәрбиесіне байланысты даналық сөздердің мағынасын ашу)
4. «Өнер»
(Ән айту, би билеу, күй тарту)
5. «Сұлулық сыры»
(Музыка ырғағымен сәндік киім және шаш үлгісін көрсету)

Бағалау критерийлері:

- Сыртқы келбеті
- Білгірлігі
- Шығармашылық қабілеттілігі, таланты
- Даралығы және өз ойын білдіруі
- Сөйлеу мәдениеті, қимыл қозғалысы, жүріс-тұрысы
- Майталмандық, пластика, музыкалық қабілеті
- Жалпы әсер

Байқаушыларды марапаттау, ынталандыру

Барлық байқаушыларға қатысқандары үшін дипломдар мен сыйлықтар табысталады. Ұпайды ең көп жинаған қатысушыға «Ерейментау Аруы-2017» лауазымы (гран-при) және бағалы сыйлық беріледі.